

УГОЛОВНОЕ ПРАВО И КРИМИНАЛИСТИКА

Ш.М. Шарипов

ЗАҢНАМАНЫ НАСИХАТТАУ МЕН ТҮСІНДІРУ – ПРОКУРАТУРАНЫҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚАТАРЫНДА

Прокуратураның Конституцияға, Республика заңдарына, Президент актілеріне қайшы келетін заңдарға, өзге де нормативтік- құқықтық актілерге наразылық білдіруін жеке функция ретінде қарастыру қажет. Оған себеп: біріншіден, бұл қызмет (функция демек) тек мемлекеттің арнайы органы- прокуратураға ғана тән, екіншіден, бұл дегеніміз күшті биліктік-өкілеттік, үшіншіден, биліктің үш бірдей тармағына, олардың құрған мекемелеріне қатысты мықты тежемеліктің кепілдігі болып саналады. Ал, төртіншіден, «Прокуратура туралы» Заңның 4-бабының 4-тармағы мұны қызметтің негізгі бағыттарының қатарына қойған [1].

Жоғары қадағалаудың басты объектілері- заң мен өзге де нормативтік- құқықтық актілердің болуының себебін айтып жату артық. Өйткені, заңдылықтың басты өлшемі мемлекет заңдарының, нормативтік-құқықтық актілердің Конституцияға және соған лайық қабылданған заңдарға сәйкес болуында. Ондай болмаған жағдайда арадағы қайшылықты жою заңды құбылыс. Ендеше, мемлекет тарапынан мұндай тетіктерді қалыптастыру қажетті заңдылық. Ондай тетіктің бірі әрі негізгісі- прокурорлық қадағалау екені анық. Сондықтан прокурорлардың заң шығару үрдісінде, әсіресе оларды қабылдау алдындағы, яғни заң жобаларын әзірлеу, сараптау мен ұсыныстар енгізу сияқты кезеңдерінде белсенді қатысуы бекер емес. Мақсат-заңсыз актілердің алдын алып олардың қабылданып қоюына жол бермеу. Ал, қабылданған жағдайда, прокуратураның өкілеттігі шеңберінде наразылық келтіру арқылы оның заңсыз күшін жоюды, немесе Конституциямен, республика заңдарымен сәйкестендіруді талап ету болып табылады. Заңдарды қоспағанда прокурор наразылық жасаған актінің не іс-әрекеттің орындалуын наразылық бойынша шешім қабылдағанға дейін тоқтата тұруға да хақылы.

Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 468-бабына сай, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Бас Прокуроры істі сұратып алумен бір мезгілде сот үкімінің, қаулысының орындалуын қадағалау тәртібімен тексеру үшін үш айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы.[2]

Осы орайда, Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 19-бабының бірінші бөлігіне нормативтік және өзге де құқықтық актілерге деген сөздердің алдына «заңдарға» деген сөзді алу қажет. Өйткені, наразылық объектілері тарайып, наразылықтың заңға да келтірілуі жағдайы көрініс бермей тұр, яғни аталған заңның 4- бабының 4- бөлігімен сәйкессіздік байқалады.

Өз кезегінде наразылық келтіру органдары мен тұлғалары қатарына мыналар жатады:

- 1) Заңдарға қатысты- Қазақстан Республикасының Парламентіне келтіріледі;
- 2) Үкіметтің қаулы-қарарларына қатысты- Қазақстан Республикасының Үкіметіне, жекеленген министрліктер мен ведомстволарға;
- 3) Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының шешімдері мен өкімдеріне қатысты- осы органдарға;
- 4) Сот актілеріне қатысты- Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысына- осы соттың жалпы отырысына, қалған актілеріне байланысты тиісінше сот сатыларына (инстанцияларына) келтіріледі;
- 5) Заңды және жеке тұлғалардың актілеріне қатысты- осы органдардың басшыларына немесе басқару органына беріледі.

Жоғарыда айтылғандай, яғни «Прокуратура туралы» Заңның 9-бабының 4-бөлігінің мазмұнына сай қадағалау актілерін екі топқа жіктеуге болады:

- 1) Конституцияға, республика заңдарына және Президенттің актілеріне мүлдем қайшы келетіндері;
- 2) Конституциядан, республика заңдарынан және Президенттің актілерінен қандай-да болмасын ауытқып, сәйкес болмай тұрғандары.

Бірінші жағдайдағы прокурорлық наразылықтың мақсаты ондайлардың күшін жою, яғни бұл актілердің, әрине, заңсыз күшін жойып, бұзып тастау болса, ал екінші жағдайдағы актілер мүлдем жойылмайды, тек олардың Конституциямен, заңдармен сәйкес болмай тұрған нормалары сәйкестендіру рәсімінен өтіп, осылайша Ата Заңмен, соңғымен сәйкес республика заңдарымен заңдылығы жағынан қатарласуы орын алады.

Прокурорлық наразылықтың биліктік күші- оның талап ете алу қабілетінде, өтініште, ұсыныста емес, мағынасы мен мәні тек талап қою арқылы орын алған заңсыздыққа зер салып, оның жойылуын, не былайша айтқанда заңдастырылуын бұйыруында, осылайша билік етуінде.

Прокуратураның келесі функцияларының бірі- нормашығарушылық функциясы бұрыннан келе жатса да, ресми 09.08.2002 жылы заңдастырылды. Яғни, «Прокуратура туралы» Заңның 11 бабы (4-1) тармақшасымен, мынандай мазмұнда: «Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексі мен жедел іздестіру қызметі

туралы заңдарының анықтау мен тергеу органдарының, сондай-ақ жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың орындауы үшін міндетті нормаларын қолдану мәселелері бойынша; құқықтық статистиканың барлық субъектілері үшін міндетті құқықтық статистика мен арнаулы есепке алу мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілер; осы заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес басқа да нормативтік-құқықтық актілер қабылдайды»- деген толықтыру болып енгізілді. Сондай-ақ, (4-2) тармақшасымен: «Жедел-іздестіру қызметін, анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын органдар шығаратын нормативтік-құқықтық актілер бойынша келісу туралы шешім қабылдайды». – деп толықтырылды.

Сонымен, нормашығарушылық қызметіне лайық, айтылған нормаларды талқылауға сай, прокуратура өзінің ведомстволық актілерін қабылдайды, сондай-ақ басқа ведомстволармен бірлесіп, ведомствоаралық актілерін де шығарады. Ал, мақсаты жоғарыда аталған, заңға енгізілген толықтыруларда айқын көрсетілген. «Прокуратура туралы» Заңның 4- бабының 6-тармақшасы прокуратураға статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыруды, арнайы есепке алуды жүргізуді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды тапсырды. Ілгері, 1996 жылдың мамыр айына дейін құқықтық статистика әр ведомствода дербес болуына байланысты, әсіресе мемлекеттік тергеу Комитеті құрылғаннан бері прокурорлық назардан тыс қалып жүрді. Қылмыстылық пен құқық бұзушылықтың елдегі жағдайының көрсеткішіне байланысты тура да шын мәлімет болмады. Мұндағы подлог пен есеп мәліметтерін бұрмалаушылық Мемлекет Басшысының қатты назарын туғызып, 1996 жылы мамыр айындағы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында Президент құқықтық статистиканы қалыптастыруды бір қолға- прокуратураға шоғырландыру туралы тапсырыс берді. Сонымен, қылмыстарды тергеу мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету органдарының ақпараты жан-жақтан ағып, прокуратурада жиналып, яғни бір орталық органда құқықтық статистиканы қалыптастыру тәжірибесі басталды. Яғни, өзі қылмыстарды тергемейтін, ондайдың және құқықтық тәртіптің қамтамасыз етілуінің заңдылығын қадағалайтын орган- прокуратураның құқықтық статистиканы объективтік тұрғыда қалыптастыра алатыны негізге алынғаны сөзсіз. Ал, мұның өзі мемлекет аумағындағы заңдылықтың сақталуының бірден-бір іс-шарасы екендігіне дау тудырмайды.

Прокуратураның құқық қорғау органдарының қылмыстылықпен, құқық бұзушылықпен күресін үйлестіру функциясының басымдық ететін көздемелеріне келер болсақ:

- қылмыстылық пен құқық бұзушылыққа қарсы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүргізудің бірден-бір нысаны екені анық.

- құқық қорғау органдарының арасында өзінің функционалдық қызметінің ерекшеліктеріне сай, орталық фигурант болуына лайық, прокуратура үйлестіруші (координатор) рөліне ие.

- осындай мәртебесіне сай, прокуратура мемлекеттік деңгейде қылмыстылық пен құқық бұзушылықтың елдегі жағдайына оңтайлы әсер ету үдерісіне бастама жасап, оның іске асуына жетекшілік етеді.

Сотта мемлекет мүддесін білдіру функциясы- тек прокуратураға тән, әзірше заңдағы мәртебесіне лайық, әсіресе қылмыстық сот өндірісінде процессуалдық функциямен (айыптаумен) тікелей байланысты, яғни мемлекеттік айыпты қолдау міндетімен ұштасса, азаматтық және әкімшілік сот өндірісіндегі көрінісі шын мәніндегі мемлекет мүддесімен түсіндірілетін жағдайын байқатады. Айтпағымыз, қызметтегі айыптау функциясы прокуратураның басты миссиясы заңдылықтың үстемдігін қамтамасыз ету мақсатындағы жоғары қадағалаумен сыйыспайтындығын анықтауға болады. Өйткені біріншіден, құқықтық мемлекеттің өкілінің мұндай «миссияға» жақын болуы тиіс емес; екіншіден, оның әуелі «айыптап алып», яғни іске мүдделі бола тұра, соңыра барып сот шешімінің заңдылығын қадағалауы тіпті үйлеспейді. Демек, екіншісі бірі, не айыптау функциясында қалып, іске мүдделі тарап болып, яғни соңғының ғана құқықтарын тараптардың тең құқылығы балансы шегінде ғана пайдалануы немесе мүлде басқаша болуы тиіс. Ендеше, сол басқашасына келсек, прокурор ешкімнің де тарапында болмай, яғни ешкімді де жақтамай, іске шын мәнінде мемлекет мүддесін білдіру үшін, бейтарап халде қатысып, ондағы сот талқылауының нәтижесінде сот шешіміне негіз боларлық қорытындысын беруі тиіс. Бұл функциясын сот әділдігін демеуші функция десек болады. Өйткені жоғарыда айтылғандай, прокурор бейтарап халде, тек сот тергеуімен қол жеткен нәтижеге сүйеніп, істің қалай шешілуіне қатысты қорытындысын кімнің, яғни қай тараптың пайдасына болмасын беруі, оның шын мәнінде тек заңның тарапында болып қалуы миссиясын нығайта түсетіні анық. Келешек, сот шешімімен келіспеген жағдайында да ол, ең алғаш заңның мүддесін, яғни оған сай кімнің де болмасын (айыпкер ме, әлде жәбірленуші ме) бұзылған құқығын немесе бостандығын, не заңды мүддесін біркелкі қорғайтыны анық және тек осындай мақсатта тараптардан өзгеше- наразылығын енгізсе, оның мәні де, мазмұны да басқаша болары сөзсіз. Мұндай жағдайда әуелі айыптау сосын қадағалаумен жалғасатын осылайша, қайткенде жазалаушы миссиясын арқалаған прокуратураның орнына, тек заңдылықты қадағалау функциясы бар прокуратураның келері анық. Сот пен прокуратураның арасындағы жоғарыда келтірілген антогонизмнің де жойылары сөзсіз.

Ал, енді заңнаманы насихаттауы мен түсіндіруі функциясының мазмұнын ашайық.

Прокуратураның жоғары қадағалауын іске асыруда осы функциясының бірден-бір қажет екенін дәлелдеп жатудың қажеті аз. Өйткені, заңдылықтың өлшемі ретінде оны бұзушылыққа қарсы тұру шараларын ғана есепке алып қоймай, ондайдың алдын алу, профилактикалық амалдармен оларды болдырмау мен жолын кесу анағұрлым тиімді әрі орынды. Сондықтан, былайынша көзге көрінбес, қолға ілінбес іспеттес болғанымен заңнаманы насихаттау мен түсіндірудің келесідегі тиімді әрі пайдалы нәтижелерді беруі сөзсіз:

- заңды білудің өзі құқықтық мәдениетке, заңға бағынушылыққа оңтайлы әсер етеді;

- қоғамның заңды бұзушылыққа теріс көзқарасын нығайтып, ондаймен күресуге қоғамдық институттарды да жұмылдырады;

- заңды түсіндіру оны бұзуға әкеп соғатын әрекеттерді тияды, заңсыз актілердің шығуына тосқауыл қояды;
 - заңнаманы дәлме-дәл және біркелкі қолдану тәжірибесін нығайтады (қадағалаудың идеалды әрі түпкілікті мақсаты);
 - Түбі өркениеттілікке, құқықтық мемлекетке жетелейді;
- Жоғарыдағылардың негізінде Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» Заңының 4-бабын «Прокуратураның функциялары мен қызметінің негізгі бағыттары»- деп атап, оны келесідегі 7) 8) 9)- тармақшалармен толықтыру ұсынылады:
- 7) Республикадағы құқық қорғау органдарының қылмыстылықпен, құқық бұзушылықпен күресін үйлестіреді;
 - 8) Заңнаманы насихаттайды және түсіндіреді, құқықтық мониторингтер жүргізеді;
 - 9) Нормашығарушылықпен айналысады және халықаралық-құқықтық қызметтерді іске асырады.
- Осылайша, прокуратураның функциялары нақтыланып, заңдылыққа жоғары қадағалауды іске асыратын негізгі мемлекет органының қызметін реттейтін заңнаманың сапасын арттыру көзделеді.

1.ҚР-ның заңы «Прокуратура туралы». 21.12.1995 ж.

2.ҚР-ның Қылмыстық істер жүргізу кодексі, 13.12.1995 ж.

In article along with other basic directions of activity of Office of Public Prosecutor its function of propagation and a legislation explanation is considered. The author pays attention to preventive value of this function since he considers that propagation and a legislation explanation warn offences.

В статье наряду с другими основными направлениями деятельности прокуратуры рассматривается ее функция пропаганды и разъяснения законодательства. Автором уделяется внимание на профилактическое значение этой функции, т.к. он считает, что пропаганда и разъяснение законодательства предупреждают правонарушения.

Д.Ы. Нұрмұханбет

КӨЛІК ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

1959 ж. 25 желтоқсандағы «ССР Одағы мен одақтас республикалардың қылмыстық заңнамасының негіздері» атты Одақ Заңының негізінде қабылданған Одақтас республикалардың қылмыстық заңнамасында бастапқыда автомотокөлік құралдарын пайдалану процесінде жасалатын қоғамға қауіп бар әрекеттер үшін жауапкершілікті қарастыратын баптар белгілі бір топтарға бөлінген.

Қылмыстардың қандай да бір құрамдарын жеке топқа бөлуді тек оған себепші негіздер болған жағдайда және бірлестік нысаны бойынша ұқсас қол сұғушылықтардың әлеуметтік-құқықтық табиғатын анағұрлым терең түйсінуге шақырған жағдайда ғана ақтап алуға болады.

Бұрынғы Совет республикалар одағының 1959-1962 жж. қабылданған қылмыстық кодекстерінен Қазақ, Армян және Молдаван республикаларының үш қылмыстық кодекстерінде «Көлік қылмыстары» атты арнайы бөлімі қамтылған, ал басқа одақтас республикалардың кодекстеріне көліктік қылмыстардың құрамдары негізінен қоғамдық қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіпке, жергілікті халық денсаулығына қарсы қылмыстар туралы бөлімге қосылған болатын, теміржол, су және әуе көлігінің қауіпсіз жұмысына қол сұғушылық барлық одақтас республикалардың қылмыстық кодекстерінде мемлекеттік қылмыстар қатарына жатқызылған.

Осыған байланысты, ғылыми әдебиетте барлық көліктік қылмыстарды қылмыстық кодекстердің ерекше бөліміне жатқызудың дұрыстығы туралы мәселе қойылды[1]. Бұл ретте, қылмыстардың аталмыш санаты барлық көлік қылмыстарын жасауға түрткі болатын ұқсас жағдайлар мен объективті жағына жақын көлік қозғалысының қауіпсіздігі – бірыңғай тектік нысанға қол салатындығы туралы айтылады. Осындай ұстаным салдарынан ескертулер де берілген. Олардың қарсылықтары көлік қылмыстарының «тектік нысаны» көлік қозғалысының қауіпсіздігі болып табылатындығына байланысты еді, өйткені қылмыстық заңнама нормаларында біріншіден, тек қозғалыс қауіпсіздігінің ережелері туралы ғана емес, сонымен қатар көлікті пайдалану туралы сөз қозғалған, бұл әр түрлі мәселе болып табылады, екіншіден қылмыстық-құқықтық нормаларының мақсаты қозғалыс қауіпсіздігін жеке-дара қорғау емес, көлікті пайдалану барысында адамдардың өмірі мен денсаулығын, мүлкін сақтау болып табылады[2]. Қарсылыққа қатысты жоғарыда келтірілген түсіндірулер, көбінесе ҚК-тің Айрықша бөлімінің құрылымында талқыланатын нормаларды жүйелеу үшін негіздемелерді нақтылауға қатысты болып келеді. Қылмыстық кодекстегі көлік қылмыстары туралы нормаларды біріктіру туралы ұсыныстар тұтас алғанда ғылым әлемінде қолдау тапқан болатын.

Қазақ ССР-інің қылмыстық кодексін қабылдағанға дейін осыған дейін айтылғандай, автокөліктегі қылмыстар туралы арнайы нормалар болмаған, оларға балама ретінде 1926 ж. РСФСР ҚК 59 «Зв» бабы қолданылатын. Оның күшінің автокөлік қылмыстарына таралуы қылмыстық заңнаманы өте кең таралған түсіндіру ғана болып табылатын.

1932 ж. 26 мамырдағы КСРО Жоғарғы кеңесі Пленумының қаулысында автокөлік жұмысшылары адам құрбандары бар апат үшін тұлғаға қарсы қылмыс ретінде, ал жұмысына ұқыпсыз қарағаны үшін – лауазымдық қылмыс ретінде жауап беруі тиіс деген нұсқау берілген [3]. 1950ж. 15 қыркүйектегі өзінің қаулысында КСРО Жоғарғы кеңесі Пленумы – автокөлік жұмысшылары жасаған қылмыстарды 1926ж. РСФСР ҚК-інің 59 «Зв» бабы бойынша саралауды, ал автокөлік жұмысшылары болып табылмайтын жүргізушілер жасаған әрекеттер